

"Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 24 тамыздағы № 523 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 210 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 сәуірде № 20502 болып тіркелді

ЗАИ-НЫҢ

ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 24 тамыздағы № 523 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7204 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 10) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Цифрлық

даму инновациялар және

аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы

Индустрія және

инфрақұрылымдық

даму министрлінің

2020 жылғы 17 сәуірдегі

№ 210 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасының

Көлік және коммуникациялар

министрлінің

2011 жылғы 24 тамыздағы

№ 523 бұйрығымен

bekitilgen

Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі–Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 10) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының автомобиль тасымалдаушыларына мынадай автокөлік құралдарының иелері үшін міндетті халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру қуәлігін және рұқсат карточкасын беру тәртібін айқындайды.

1) жүк автомобильдері (тіркемені қоса алғанда рұқсат етілетін пайдалы жүктемесі 3,5 тоннадан асатын);

2) жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған мамандандырылған автомобильдер.

2. Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауға мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан өткен автокөлік құралдары жіберіледі.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты–мемлекеттік қызмет көрсетеу ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсетеу процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі;

2) халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігі – қағаз тасығыштағы немесе электрондық құжат нысанындағы Қазақстан Республикасының автомобильдік тасымалдаушыларына құқық беретін халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беретін құжат (бұдан әрі - Рұқсат);

3) автокөлік құралына рұқсат карточкасы – қағаз тасығышта немесе электрондық құжат нысанындағы автокөлік құралын халықаралық автомобильмен жүк тасымалдарын пайдалануға рұқсат беретін құжат (бұдан әрі – рұқсат карточкасы);

2-тaraу. Рұқсат және рұқсат карточкасын беру тәртібі

4. Рұқсатты және (немесе) рұқсат карточкасын ресімдеуді және беруді Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет беруші) жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсетеу ерекшеліктері ескеріле отырып, қызметті көрсетеу процесінің сипаттамалар, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес "Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру туралы куәлік және автокөлік құралдарына рұқсат карточкасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында жазылған.

Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) "Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру туралы куәлік және автокөлік құралдарына рұқсат карточкасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) алу үшін аумақтық органдарға:

1) Мемлекеттік корпорация:

жеке басын куәланыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

Осы Қағидаларға 1-қосымшаға және (немесе) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

ӘҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, рұқсат беру куәлігін және (немесе) жаңа рұқсат беру куәлігін беру үшін мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат;

автокөлік құралын жалға алу шартының көшірмесі (автокөлік құралын жалға алған жағдайда);

таксографты мерзімді тексеру (инспекция) туралы куәлік көшірмесі;

2) Портал:

порталда көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦК) қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу.

автокөлік құралын жалға алу шартының электрондық көшірмесі (автокөлік құралын жалға алған жағдайда);

таксографты мерзімдік тексеру (инспекция) туралы қуәліктің электрондық көшірмесі

Көрсетілетін қызметті алушы өтініште және ұсынылатын құжаттарда (көлік құралының мемлекеттік тіркеу белгісі, типі, маркасы, моделі, шығарылған күні, автокөлік құралдарын жалдау шарты туралы мәліметтер (болған жағдайда) және тахографты мерзімді тексеру (инспекция) туралы қуәліктің көшірмесі) мәліметтердің толықтығы мен анықтығын қамтамасыз етеді.

6. Мемлекеттік корпорация қызметкері "Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру туралы қуәлік және автокөлік құралдарына рұқсат карточкасын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және құжаттардың түпнұсқасынан электрондық көшірмелерді жасайды, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Көрсетілетін қызметті алушы 5-тармақтың екінші бөлігінде көзделген тізбеке сәйкес құжаттардың толық топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алатын күні мен мекенжайын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Жеке басты куәландаратын құжаттар туралы, занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымалы мулікке құқық белгілейтін құжаттар, баж сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

7. Мемлекеттік корпорацияға, сондай-ақ порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жіберу мерзімі өтініш берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті алуға құжаттар келіп түсken сэттен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініште және ұсынылған құжаттарда (көлік қуралының мемлекеттік тіркеу белгісі, типі, маркасы, моделі, оның шығарылған күні, автокөлік құралдарын жалдау шарты туралы мәліметтер (болған жағдайда) және тахографты мерзімді тексеру (инспекция) туралы қуәліктің көшірмесі) мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын тексереді.

9. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық құжат нысанында пайдалануышының кабинетіне жіберіледі, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған немесе осы Қағидалардың 11-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қағаз тасығышта алу үшін жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі басып шығарылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің түпнұсқалығын www.egov.kz порталда тексеруге болады .

Рұқсат және рұқсат беру карточкасының нысандары осы Қағидаларға 4 және 5-көсімшаларда келтірілген.

10. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне түседі.

11. Аумақтық органдар мынадай негіздер бойынша Рұқсат және (немесе) рұқсат беру карточкасын беруден бас тартады:

1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін отандық тасымалдаушы (көрсетілетін қызметті алушы) ұсынатын құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) отандық тасымалдаушының (көрсетілетін қызметті алушының) және (немесе) ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) отандық тасымалдаушыға (көрсетілетін қызметті алушыға) қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті аруды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы занды қүшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы.

12. Уәкілетті ұйымның құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым уәкілетті ұйым не көлік саласындағы уәкілетті орган басшысының атына берілуі мүмкін.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес уәкілетті ұйымның не көлік саласындағы уәкілетті органның атына келіп түскен әзірлеушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен әзірлеушінің шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Уәкілетті ұйым шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, әзірлеуші сот тәртібінде нәтижелерге шағымдалуы мүмкін.

13. Осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген жағдайларда жаңа Рұқсат және (немесе) рұқсат беру карточкасын алуға арналған өтінішті аумақтық орган осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген мерзімде қарайды.

14. Отандық тасымалдаушыға жаңа рұқсат беру карточкалары:

- 1) дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты, атауы, орналасқан жері өзгерген;
- 2) занды тұлғаның атауы, орналасқан жері өзгерген және қайта ұйымдастырылған;

3) автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу номірінің белгісін ауыстырған жағдайларда беріледі.

15. Рұқсат және (немесе) рұқсат беру карточкалары:

1) занды тұлғаны қайта ұйымдастыру нәтижесінде дара кәсіпкердің қызметі таратылған немесе тоқтатылған;

- 2) автокөлік құралдарының тіркеу деректері өзгерген;
- 3) автокөлік құралдарының жалға алу шартының мерзімі өткен.
- 4) автокөлік құралын мемлекеттік тіркеуден және есептен шығарған;

5) аумақтық органдар мен Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті (бұдан әрі – Көлік комитеті) тахографты мерзімдік тексеру (инспекция) туралы куәліктің жарамсыздығы, механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесінде автокөлік құралы туралы мәліметтердің болмауы, жүк автомобилдерінің осы Қағидалардың 2-тармағына сәйкес келмеуі туралы куәліктің жарамсыздығы туралы белгіленген жағдайларда өз қолданысын тоқтатады.

Осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайлар анықталған кезде Рұқсаттың және (немесе) рұқсат беру карточкасының қолданысын тоқтатуды аумақтық орган және (немесе) көлік комитеті рұқсат және (немесе) рұқсат беру карточкасын алған дара кәсіпкерді және (немесе) занды тұлғаны хабардар ете отырып, өтінімдерді электрондық беру жүйесінде олардың күшін жою жолымен жүзеге асырады.

16. Рұқсат беру және рұқсат беру карточкалары мерзімсіз болып табылады. Жалға алынған автокөлік құралдарына рұқсат беру карточкасының қолданылу мерзімі жалдау шартының мерзіміне байланысты айқындалады.

17. Рұқсат беру карточкалары әрбір автомобиль-тартқышқа және жартылай тіркемеге (тіркемеге) жеке ресімделеді.

18. Рұқсат беру және (немесе) рұқсат беру карточкалары басқа отандық тасымалдаушыларға берілмейді.

Автокөлік құралына қолданыстағы біреуден артық рұқсат беру карточкасының болуына жол берілмейді

19. Берілген Рұқсаттарды және (немесе) рұқсат беру карточкаларын есепке алу көлік дерекқорының ақпараттық талдау жүйесінде және тасымалдау қауіпсіздігі серпіні мониторингінде жүзеге асырылады.

Халықаралық автомобильмен
жүк тасымалдауды жүзеге
асыруға автомобильмен
tasymaldaushyga ruksat beru
қағидаларына
1-қосымша

Нысаны

(көліктік бақылау органдының атауы)

Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және (немесе) автокөлік құралына рұқсат карточкасын алуға етініш

— (дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе занды тұлғаның атауы)

*Қағаз тасығышта ____ (егер рұқсат беру куәлігін және (немесе) рұқсат карточкасын қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда X белгісін қою).

* Электрондық тасығышта ____ (егер рұқсат беру куәлігін және (немесе) рұқсат карточкасын электрондық тасығышта алу қажет болған жағдайда X белгісін қою).

Мына автокөлік құралдарына халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін немесе рұқсат беру куәлігінің және (немесе) рұқсат карточкасының телнұсқасын беруінізді сұраймын:

№ р/ с	Автокөлік құралының маркасы	Мемлекеттік тіркеу номірлік белгісі	Баланстағы Жалға куқығындағы АКҚ	АКҚ жалға алған жағдайда, АКҚ жалға алу шартының қолданылу мерзімі	Ескертпе

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)/ бизнес сәйкестендіру нөмірі БСН)

Дара кәсіпкерді немесе занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама

№ және берілген күні)

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдін №, телефон, факс)

Коса берілетін құжаттар: _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

(коло)

Мөр орны (болған жағдайда)

* Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын занды тұлғалар үшін мөрдің болуы талап етілмейді.

Халықаралық автомобильмен
жүк тасымалдауды жүзеге
асыруға автомобильмен
тасымалдаушыға рұқсат беру
қағидаларына
2-қосымша

Нысаны

(көліктік бақылау органдының атауы)

Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат берудің жаңа куәлігін және (немесе) авто көлік құралына рұқсат карточкасын алуға өтініш

(дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) занды тұлғаның атауы)

*Қағаз тасығышта ____ (егер рұқсат беру күелігін және (немесе) рұқсат карточкасын қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда X белгісін қою).

* Электрондық тасығышта ____ (егер рұқсат беру күелігін және (немесе) рұқсат карточкасын электрондық тасығышта алу қажет болған жағдайда X белгісін қою).

Мынадай автокөлік құралдарына:

1) дара кәсіпкердің тегінің, атының, әкесінің атының, атауымен, орналасқан жерінің өзгеруіне;

2) занды тұлғаның атауының, орналасқан жерінің өзгеруіне және қайта үйымдастырылуына;

3) автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу номірлік белгісінің ауысуына байланысты Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға жаңа рұқсат беру күелігін және (немесе) рұқсат карточкасын беруінде сұраймын.

(көрегінің астын сызу)

№ р/ с	Автокөлік құралының маркасы	Мемлекеттік тіркеу номірлік белгісі	Баланстағы Жалға құқығындағы АКҚ	АКҚ жалға алған жағдайда, АКҚ жалға алу шартының қолданылу мерзімі	Ескертпе

Жеке сәйкестендіру номірі (ЖСН) / бизнес сәйкестендіру номірі (БСН)

Дара кәсіпкерді немесе занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама

(№ және берілген күні)

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

Коса берілетін құжаттар: _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

(қолы)

Мөр орны (болған жағдайда)

* Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын занды тұлғалар үшін мөрдің болуы талап етілмейді.

Халықаралық автомобильмен
жүк тасымалдауды жүзеге
асыруға автомобильмен
тасымалдаушыға рұқсат беру
қағидаларына
3-қосымша

"Халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру туралы куәлік және автокөлік қуралына рұқсат карточкасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам; "Электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz , www.elicense.kz
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: халықаралық автомобильмен жүктөрді тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру туралы куәлік және (немесе) автокөлік қуралына рұқсат карточкасы не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Рұқсат беру куәлігін беру үшін мемлекеттік баж "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген баж мөлшерлемесі бойынша республикалық бюджетке төленеді және мемлекеттік баж төленген күнге белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 25 пайзының құрайды. Мемлекеттік бажды төлеу екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда немесе "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан ері – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады. рұқсат карточкасын беру тегін негізде көрсетіледі.
		1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушының

		<p>тіркелген жері бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетуіз кезек тәртібімен көрсетіледі;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетуіз кезек тәртібімен көрсетіледі, портал арқылы кезекті броньдауга болады;</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p>
7	Жұмыс кестесі	<p>Көрсетілетін қызметті алушы (не оның өкілеттігін растайтын құжат бойынша өкілі) жүгінген кезде:</p> <p>1) Мемлекеттік корпорацияға: жеке басын күәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі); Осы Қағидаларға 1-қосымшага және (немесе) 2-қосымшага сәйкес нысан бойынша отініш; ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, рұқсат беру қуәлігін немесе жаңа рұқсат беру қуәлігін беру үшін мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат; автокөлік құралын жалға алу шартының көшірмесі (автокөлік құралын жалға алған жағдайда); тахографты мерзімдік тексеру (инспекция) туралы куәліктің көширмесі.</p> <p>2) порталға: порталда көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; автокөлік құралын жалға алу шартының электрондық көшірмесі (автокөлік құралын жалға алған жағдайда); тахографты мерзімдік тексеру (инспекция) туралы куәліктің электрондық көшірмесі.</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>1) Отандық тасымалдаушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</p> <p>2) Отандық тасымалдаушының (көрсетілетін қызметту алушының) және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, обьектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) Отандық тасымалдаушыға (көрсетілетін қызметту алушыға) қатысты мемлекеттік қызмет алушы талап ететін қызметті немесе жекеленген қызмет тірлерін атқаруға, оның ішінде жүктерді тасымалдауға тыйым салу туралы соттың заңды күшине енген шешімінің(үкімінің) болуы.</p> <p>Рұқсат және (немесе) рұқсат карточкасын беруден бас тартылған жағдайда отандық тасымалдаушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен күәландырылған электрондық құжат нысанында пайдалануышының кабинетіне дәлелді жауап жіберіледі.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері	

	<p>Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарттың 8-тармагында көзделген тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі еткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы стандартка 6-косымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p> <p>1. Тыныс–тіршілігін шектейтін, ағза функцияларының тұрақты бұзылуынан денсаулығы нашарланған көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері \бірінғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 номіріне жүгіну арқылы тұрғылықты жерге шығу жолымен жүргізеді .</p> <p>2. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:</p> <p>1) Министрліктің – www.miid.gov.kz "Көлік комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz ескертү.</p> <p>3. Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірынғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мәртебесі туралы акпаратты алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>4. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірынғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777.</p> <p>5. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.</p>

Халықаралық автомобильмен
жүк тасымалдауды жүзеге
асыруға автомобильмен
тасымалдаушыға рұқсат беру
қағидаларына
4-косымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы
Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АВТОМОБИЛЬ МЕН ЖҮК ТАСЫМАЛДАУДЫ ЖҰЗЕГЕ АСЫРУҒА РҰҚСАТ БЕРУ КУӘЛІГІ УДОСТОВЕРЕНИЕ ДОПУСКА К ОСУЩЕСТВЛЕНИЮ МЕЖДУНАРОДНЫХ АВТОМОБИЛЬНЫХ ПЕРЕВОЗОК ГРУЗОВ

Тіркеу №/Регистрационный 20__ жылғы"___"/№_____ 20__ года
Куәлік иесі/ Владелец Удостоверения_____

Ұйымдастырушылық-құқықтық нысан және (Занды тұлғаның атауы немесе дара кәсілдердің атауы / организационно-правовая форма и наименование юридического лица или наименование индивидуального предпринимателя)

Находящийся по адресу _____

мекенжайы бойынша орналасқан

(Занды тұлға үшін - занды мекен жайы, дара кәсіпкер үшін – тұрғылықты мекенжайы/ для юридического лица - юридический адрес, для индивидуального предпринимателя –адрес проживания)

Осы куәлік оның иесінің халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсатын растайды.

Настоящее Удостоверение подтверждает допуск его владельца к осуществлению международных перевозок грузов автомобильным транспортом.

Рұқсат берілді/ Разрешение выдано _____

(Уәкілді органның мекеменің атауы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), берілген уақыты/ наименование уполномоченного органа, фамилия, имя, отчество (при его наличии), дата выдачи)

Халықаралық автомобильмен
жүк тасымалдауды жүзеге
асыруға автомобильмен
тасымалдаушыға рұқсат беру
қағидаларына
5-қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі

АВТОКӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА РҰҚСАТ БЕРУ КАРТОЧКАСЫ (ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮК ТАСЫМАЛЫ) КАРТОЧКА ДОПУСКА НА АВТОТРАНСПОРТНОЕ СРЕДСТВО (МЕЖДУНАРОДНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ГРУЗОВ)

Тіркеу №/ Регистрационный № _____

Рұқсат беру куәлігін тіркеу / К Удостоверию допуска регистрационный № ____ 20
жылғы/ года _____

Жарамдылық мерзімі/ Действительна 20 ____ жылғы: ____ 20 ____ года

Жүк автокөлігінің маркасы/ Марка грузового автомобиля: _____

Тіркеу белгісінің №/ Регистрационный знак № _____

Куәлік иесі/ Владелец Удостоверения: _____

Рұқсат берілді/ Разрешение выдано _____

(Уәкілдегі органның атауы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), берілген уақыты/наименование уполномоченного органа, фамилия, имя, отчество (при его наличии), дата, выдачи)

Ескертпе/ Примечания:

"_____ дейін жарамды" жолын толтыру кезінде "Жарамды" жалға алу шарты бойынша, жүк автомобилін пайдаланған жағдайда рұқсат беру карточкасының қолданысының аяқталу күні қойылады—оның қолданыс мерзімінің аяқталуы. Рұқсат карточкасының тіркелу нөмірі Куәліктің толық қолданылу кезеңінде сақталады

При заполнении строки "Действительна по:" проставляется дата окончания действия карточки допуска в случае использования грузового автомобиля по договору аренды - срок окончания его действия. Регистрационный номер Карточки допуска сохраняется на весь период действия Удостоверения.

Халықаралық автомобильмен
жүк тасымалдауды жүзеге
асыруға автомобильмен
тасымалдаушыға рұқсат беру
қағидаларына
6-қосымша

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)
(бұдан ері – Т. А. Ә.) немесе
көрсетілетін қызметті алушы ұйымның атауы)

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20 -бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған ұкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № _____ бөлімі (мекенжайы: _____) Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеке сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауызызға байланысты _____ мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3)... _____

Осы қолхат әр тараپқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Т. А. Ә. (Мемлекеттік корпорация қызметкері)

(колы)

Орындаушы. Т.А.Ә. _____

Телефон _____

Алды: _____

Т.А.Ә. көрсетілетін қызметті алушының қолы
_____ жылғы "___" _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК